Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебіндегі **«Назерке»** қыздар кеңесі отырысының
Хаттамасы

*Қатысқаны: сынып жетекшілер* 13. 09. 2023ж

*5-11 сынып қыздары*

*Күн тәртібінде:*

*1. Ішкі тәртіп туралы*

*2. Қыздар гигиенасы туралы*

*3. Әр түрлі мәселелер туралы.*

***Бірінші мәселе бойынша сөйледі: қыздар кеңесінің төрайымы Сейтова А:*** *ең бірінші білім алу тәртіп пен тәрбиеден басталады. Ішкі тәртіп туралы, қыздар арасындағы ұрыс-керіс болмау, балағат сөйлемеу, сырттан келген қонақтармен және мұғалімдермен амандасу керектігін айтып түсіндірді.Мектеп формасын сақтау керектігін аса назар аударуға талап етілді.*

***Екінші мәселе бойынша сөйледі: мектеп медбикесі Туякбаева А*** *қыздар гигиенасын сақтауды талап етті. Тырнақ өсірмеу,аптасына 2 рет шаш жуып тұру, бір-бірінен киім ауыстырмау,тісті күніне екі рет таңертең және кешке тазалап тұру керектігін айтып түсіндірді.*

***Үшінші мәселе бойынша сөйледі: мектеп психологы Қалқабаева М****: мектеп қабырғасында әр-түрлі әшекей бұйымдарды тағып келмеу,телефон ұстамау,мектептің ішінде немесе мектеп айналасында телефонмен суретке түспеу керектіне қатаң тыйым салды.*

**Шешім:**

Қыздар кеңесінің іс-шарасы таныстырылды деп есептелсін.

«Жеке бас гигиенасын» әр қыз өз дәрежесінде ұстау керек деп есептелсін

Мектеп ережесіне сай киім, яғни форма кию, себепсіз сабақтан қалмау, кешікпеу сынып жетекшілерінен, клуб төрайымынан талап етілсін.

*Қыздар ұйымының төрайымы* *Сейтова А*

*Хатшы:* *Сейтова А*

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 13 қыркүйек күні 2023 жылы сағат 15-00 де қыздар жиналысы ұйымдастырылды.

Мектеп медбикесі: Туякбаева Акмарал 5-11 қыздарына жеке бас гигиенасын сақтауды түсіндірді









| | |
|---|---|
| ДТІЖО: | Б. Сариева |
| Ұйымдастырушы педагок: | А.Сейтова |
| Мед бике: | А.Туякбаева |
| Аға тәлімгер: | Р.Бектурова |

Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде 13 қыркүйек күні 2023 жылы сағат 15-00 де **қыздар жиналысы ұйымдастырылды.**

Мектеп медбикесі: Туякбаева Акмарал 5-11 қыздарына жеке бас гигиенасын сақтауды түсіндірді









ДТІЖО: Б. Сариева

Ұйымдастырушы педагок: А.Сейтова

Мед бике: А.Туякбаева

Аға тәлімгер: Р.Бектурова

**Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебнің «Назерке» қыздар жиналысының 2023-2024 оқу жылына арналған бағдарламасы**

**Мақсаты:** Мектептегі әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру. Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу,отбасындағы алатын орны ептілік пен шеберлік қалыптастыру,сондай-ақ қыздардың сұлулық махаббат,жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған.Гигиеналық жағынан қыз балаларға өздерінде болып жатқан өзгерістерді түсіндіріп,жеткізе білу.Бұл қыз балалардың қамқорлық,ниет білдіру,жан жылулығы,аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып үйрену прцесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып,қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілмек:

- Мектептегі жайма шуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілер тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрстеу;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдырады өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне оларды заман талабына сай әйел идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет:

**Қыздар кеңесінің мүшелері:**

**5-8 сынып қыздары**

**9-11 сынып қыздары.**

**Қыздар кенесінің жетекшісі:** **Сейтова**




ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТ БЕРУ БҰРЫШЫ



# 4 Сынып оқушылары арасында өткен “сынып аруы” байқауы



«Жана- ұйым жалпы білім беретін  мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекмесінде 9- сынып қыздарыменмен өткізілген жиналыстың

# Хаттамасы

**Қатысқандар:** 7-8-9-10-11 сынып қыздары

**Күн тәртібінде:**

1. Қыздар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
2. Жеке бас гигиенасы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша « Назерке »қыздар ұйымының жетекші  Сейтова А сөйледі. Жаман қылық жұқпалы аурудан да қиын, бірден – бірге ауысса, ұрпағына да кетеді. Қоғамда тәртібі нашар, төбелесқұмар, бұзық қыздар көбеюде. Ата – бабамыз «Қызға қырық үйлен тыйым» деп қыздардың абыройына нұқсан келмеуін қатты қадағалаған. Сол себепті қазақтың қызы деген атқа лайықты болып жүру керектігін, қоғамдық орындарда үлкенге – құрмет, кішіге – ізет етіп, мектеп қабырғасындағы өзінен үлкен, өзінен кіші әпке – сіңілдеріне, аға – інілеріне құрметпен қарау керек екендігін түсіндіріп өтті. Ұрлық, бұзақылықтың түбі – қорлық екенін де өз сөзінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекші  Тукешова Б сөз алып өзінің қыз балаларға деген кеңесін айтты. Қыз баласы – жаны нәзік, гүл секілді жаратылыс. Сол жаратылыс иесінің әдемі, хош иісті, ақылына көркі, көркіне тазалығы сай болуын басты назарда ұстағандары жөн екенін айтты. Ары қарай
9 –сыныптың  тазалық секторы :Жұмағұл Аяулым «Жеке бас гигиенасы» жөнінде баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы ақпараттар мен жаңалықтармен бөлісті.

**Шешім:**

1. Қыздардың арасында дау- жанжалдың болмауы, өзара жақсы қарым – қатынаста болуы
2. Тазалық – денсаулық кепілі
3. Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау

**Хатшы:** **Сейтова А**

«Жаңа- ұйым жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8-9-10-11 сынып қыздарыменмен өткізілген жиналыстың

# Хаттамасы

**Қатысқандар:** 8-9-10-11 сынып қыздары
20.10.2023 жыл
Қатысқаны – 50
Қатыспағаны - 50

**Күн тәртібінде:**

**1.Бойжеткен ережелерімен таныстыру**

**2.«Бүгінгі бойжеткен ертеңгі асыл жар » баяндама**

**3. Зиянды заттар (Темекі, насыбай ,электронды темекі т.б.) мектеп Туякбаева А**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша « Назерке »қыздар ұйымының жетекшісі: Сейтова А сөйледі.

**«Бүгінгі бойжеткен ертеңгі асыл жар » баяндама оқылды.** Қазақ халқы "қыз" деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, йнабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға деген көптеген керемет сүреттемелер берген.
Мысалы:

-Қыз емес, қыздың аты-қызыл алтын,
- көрінер туған айдай-жұзы жарқын.
- үлкеннің алдын кесіп, сөз сөйлемес,
- халқының сақтай білген ізгі салтын.

Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлілігін, сүйкімдіділігін, жанының нәзіктігін, өнер білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қәсиеттерін нақыл сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: "қыздың жйған жүгіндей", "қыздың тіккен кестесіндей", "қыз елдің көркі, гүл жердің көркі", "жақсы қыз-жағадағы құндыз", "ырыс алды-қыз", "қызы бар үйдің-бізігі бар" т. Б.

Қазақ отбасының маңызды қызметтерінің бірі-тәрбие. Ата-ананың міндеті-жас ұрпаққа аға ұрпақтың әдет-ғұрпін, адамшылық, адамгершілік, инабаттылық, сыйлау қәсиетттерін сіңіру. Әсіресе қазақ отбасында басқа ұлттарға қарағанда қыз бала тәрбиесі ерекше орын алады. Қазақ халқы қыз баланы ардақтап ұстаған, оның көңілін қалдырмаған, оған қарсы сөйлемеген, оны мәпелеп өсірген және де оны қатал ұстап, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қараған. Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын ғой. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыз-келіншектердің бойында изеттілік, ар-ұят, ұялшақтық, үлкенге қызмет көрсету, үлкеннің алдын кесе-көлденең кесіп өтпеу, жан ашу қасиеттері басымырақ сякты. Осындай қыз балаға тән қәсиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші-өл анасы. Қыз

баланы жастайынан үй сыпыруды, яғни үйді таза ұстауға, төсек жинауға, ас пісіру, шай құю, кесте тігу тағы басқа жанұяның үй жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған.

Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, жанұяда ұйыткысы деп түсінген халқымыз оның еңбек сүйгіш өнерлі болып өсуімен қатар қыз баланың көрікті болып өсуіне де ерекше көңіл бөлген.

**Сөйлеуші: Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары : Сариева Бибаһажар** қыз бала бойында жақсы қасиеттердің болуы, ұяң, пысық алғыр. өнерлі болуы жайлы әңгімелер айтылды. Қыз – өміржің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктілікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Қызды «жат жұрттық» деп қадірлеп, төрінен түсірмеген. Басқа үйдің отын жағып, түтінін түзу ұшыратын боласың, барған жеріңде шешесі үйретпепті демесін деп анасы қызына бойындағы бар жақсы қасиетін сіңіруге тырысады. Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан, одан соң мектеп қабырғасынан бастау алары сөзсіз. Сондықтан- да мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы болуы тиіс. Қыз бала үйден шыққанда тап-таза киініп, шашын таранып, әсем күлкісімен нұрын шашып жүрумен қатар сабағын да жақсы оқиды. Қыз баланы тәрбиелей отырып, отбасындағы одан кейінгі ұлдарға үлгі етеміз, яғни бұл жерде ұлт тәрбиелеу – бұл қазақтың ежелден келеек жатқан философиялық даналығы деп білеміз.

Қыздарымыз жиналыс барысында өз ойларын қиналмай жеткізе білді.

**3.Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі: Туякбаева Акмарал** зиянды заттар темекі, насыбай ,электронды темекінің адам ағзасына зияндығы туралы баяндамалар оқып , видеороликтер көрсетіп ,оқушыларға адам денсаулығына өте зиян екенін айтып түсіндірді.

4.9 –сыныптың тазалық секторы :Жұмағұл Аяулым «Жеке бас гигиенасы» жөнінде баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы ақпараттар мен жаңалықтармен бөлісті.

**Шешім:**

**1**.Қыз бала бойындағы жақсы жағын көрсету, айналадағыларға қамқорлық пен инабаттылықпен жүру міндеттелді

**2.**Қыздар арасындағы түрлі жарыстарды ұйымдастыруды қыздар секторы: Қ. Батырғали міндеттелді 3. Зиянды әдеттерден аулақ болу ,

ДТІЖО: Б. Сариева

Төрайымы: А. Сейтова

Қыздар секторы: Қ. Батырғали

Мектеп медбикесі: Туякбаева А.








Жоспар:
•1. Темекі






Жоспар:
1. Темекі



**Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде**
**қыздар жиналысы өткізілді.**

**Хаттама.**

Күні: 13..09.2023 ж

**Қатысқандар: Сынып жетекшілер** 5-11 сыныптың қыздары

**Күн тәртібінде**: 1. Ішкі тәртіп туралы

2. Қыздар гигиенасы туралы

3. Әр түрлі мәселелер туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ұйымдастырушы педагогі: Сейтова А. сөйледі. Жаман қылық жұқпалы аурудан да қиын, бірден – бірге ауысса, ұрпағына да кетеді. Қоғамда тәртібі нашар, төбелесқұмар, бұзық қыздар көбеюде. Сондықтан осындай әдеттерден аулақ болуымыз қажет.Ата – бабамыз «Қызға қырық үйлен тыйым» деп қыздардың абыройына нұқсан келмеуін қатты қадағалаған. Сол себепті қазақтың қызы деген атқа лайықты болып жүру керектігін, қоғамдық орындарда үлкенге – құрмет, кішіге – ізет етіп, мектеп қабырғасындағы өзінен үлкен, өзінен кіші әпке – сіңілдеріне, аға – інілеріне құрметпен қарау керек екендігін түсіндіріп өтті. Ұрлық, бұзақылықтың түбі – қорлық екенін де өз сөзінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша медбике Туякбаева А сөз алды .Өз сөзінде тағы да өзінің қыз балаларға деген кеңесін айтты. Қыз баласы – жаны нәзік, гүл секілді жаратылыс. Сол жаратылыс иесінің әдемі, хош иісті, ақылына көркі, көркіне тазалығы сай болуын басты назарда ұстағандары жөн екенін айтты. Ары қарай «Жеке бас гигиенасы» жөнінде баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы ақпараттар мен жаңалықтармен бөлісті.

**Шешім:**

1.Қыздардың арасында дау- жанжалдың болмауы, өзара жақсы қарым – қатынаста болуы

2.Тазалық – денсаулық кепілі

3.Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау

**Қыздар жиналысының төрайымы: Сейтова А**

**Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебінде қыздар жиналысы өткізілді.**

**Хаттама.**

Күні: 13..09.2023 ж

**Қатысқандар: Сынып жетекшілер** 5-11 сыныптың қыздары

**Күн тәртібінде**: 1. Ішкі тәртіп туралы

2. Қыздар гигиенасы туралы

3. Әр түрлі мәселелер туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ұйымдастырушы педагогі: Сейтова А. сөйледі. Жаман қылық жұқпалы аурудан да қиын, бірден – бірге ауысса, ұрпағына да кетеді. Қоғамда тәртібі нашар, төбелесқұмар, бұзық қыздар көбеюде. Сондықтан осындай әдеттерден аулақ болуымыз қажет.Ата – бабамыз «Қызға қырық үйлен тыйым» деп қыздардың абыройына нұқсан келмеуін қатты қадағалаған. Сол себепті қазақтың қызы деген атқа лайықты болып жүру керектігін, қоғамдық орындарда үлкенге – құрмет, кішіге – ізет етіп, мектеп қабырғасындағы өзінен үлкен, өзінен кіші әпке – сіңілдеріне, аға – інілеріне құрметпен қарау керек екендігін түсіндіріп өтті. Ұрлық, бұзақылықтың түбі – қорлық екенін де өз сөзінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша медбике Туякбаева А сөз алды .Өз сөзінде тағы да өзінің қыз балаларға деген кеңесін айтты. Қыз баласы – жаны нәзік, гүл секілді жаратылыс. Сол жаратылыс иесінің әдемі, хош иісті, ақылына көркі, көркіне тазалығы сай болуын басты назарда ұстағандары жөн екенін айтты. Ары қарай «Жеке бас гигиенасы» жөнінде баяндама оқыды. Баяндамада қыз балалардың да жеке бас гигиенасын сақтау туралы ақпараттар мен жаңалықтармен бөлісті.

**Шешім:**

1.Қыздардың арасында дау- жанжалдың болмауы, өзара жақсы қарым – қатынаста болуы

2.Тазалық – денсаулық кепілі

3.Қыздардың жеке бас гигиенасын сақтау

**Қыздар жиналысының төрайымы: Сейтова А**

Жасөспірімдер арасында , ерте жүктіліктің алдын алу ,құқық бұзушылықтың алдын алу.

«Жаңа-ұйым жалпы білім беретін мектебі КММ
қыздар жиналысының
ХАТТАМАСЫ

16.02.2023 жыл

Қатысқандар:

Мектеп психологы- М. Калкабаева М.М.

Қыздар ұйымының жетекшісі: Сейтова А

Медбике : Туякбаева А

5-11 сыныптың қыз балалары.

КҮН ТӘРТІБІ:

**Күн тәртібінде :** Жасөспірімдер арасында , ерте жүктіліктің алдын алу ,құқық бұзушылықтың алдын алу.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ,мектеп психологыМ. Калкабаева М.М. сөз алды .

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ерте жүктілік деп 13-18 жаста болған жүктілікті айтамыз. Бұл кезде қыз балада бойжеткен кезеңі-гормоналды ауысу кезеңі басталады. Бұрын ерте жүктілік жағдайы төмен отбасыларында болады деп есептелген, бірақ қазір бұл пікір өзгерді. Себебі тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен балалар жауапкершілікті сезінбейді. Алла тағаланың берген қыздық қасиетін сақтай алмаған, қыздар өз тағдырына жауапсыз қарағаны деп ойлаймын. . Ондай қыздар ,не келін ,не болашақ ана деген атқа лайықты деп айта алмаймын. Мұндай қыздарға бр әулетті сеніп тапсыруға да болмайды,Көпшілік ата-аналар балаларының сексуалды өмірлеріне араласқылары деген атқа лайықты емес келмейді. Мұны бұқаралық құралдардан интернеттен біледі деп ойлайды. Алайда, бұл ақпарат қыз балаларға жеткіліксіз болып келеді. Ерте жыныстық қатынасқа түсу жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын бұзады. Қыз бала, қыз,әйел- бұл бір ғана адам өткеретін әртүрлі кезең. Ол әрбір кезеңде қуанышпен де,қайғымен де, түрлі дерттермен де бетпе-бет кездеседі. Дені сау ұрпақты өмірге әкелу үшін әйелдердің репродуктивті денсаулығы өте маңызды екенін түсінуіміз қажет екендігін қыздарға түсіндіріп психолог айтып өтті.Егер ерте жүктілік болған жағдайда сенім телефонына немесе көрсетілген мекен-жайға келіп көмек сұрауға болатынын баяндады.

Психолог. Ата-анасы шектеу қоймаған соң, бала да өз тағдырына алаңдай қоймасы анық. Сол себепті де, бойжетіп келетін қыз баланың қылығы түзде болғанымен тәрбиесі үйден болуы тиіс дейді.

статистикалық мәліметтерді баяндап, ерте жүктіліктін қауіп-қатері өте зор және оның жауапкершілігі мол іс екенін тілге тиек етті. Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатер бар екенін біле бермейді. Мысалы жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды, қиын таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдырса өзін және нәрестені қауіп қатерге тігеді. Толық қалыптаспаған организм жүктілікпен және босануды көтере алмайды соның салдарынан ақауы бар баланың дүниеге келуі мүмкін. Міне, жоғарыда аталған дүниенің бәрі ерте жүктіліктің қауіп қатері екенін оқушыларға жеткізді.Ерте қатынасқа түспеуді, болашақта үлгілі отбасын құруды айтып өтті .

Шешім:

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, қыздар төрайымы қыздармен тығыз байланысып, жұмыстар жүргізілсін.

Хатшы: А. Сейтова